

"Джаркульское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 174 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17-бабына, 69-бабына, 71-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, 2019 жылғы 01 қазандағы № 331-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиясының негізінде, Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Джаркульское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін және Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Алтынсарин ауылы (елді мекеннің шегінен тыс) аумағында орналасқан жалпы алаңы 1286,2382 гектар жер учаскесіне 2025 жылғы 21 желтоқсанға дейін шектеулі мақсатты пайдалану құқығы берілсін.

2. "Қамысты ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Бекмұхамедов